

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есебінің тізбесі, нысандары мен ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2003 жылғы 25 шілдедегі N 241 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 қарашадағы N 160 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3307. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есебінің тізбесі, нысандары мен ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2003 жылғы 25 шілдедегі N 241 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2467 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспасөз басылымдарында 2003 жылғы 22 қыркүйек - 5 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есебінің тізбесі, нысандары мен ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықта:

6 - т а р м а қ т а :

1) және 2) тармақшаларда "және оған қосымшалар" деген сөздер алынып тасталсын;

5)-8) тармақшалар алынып тасталсын;

7 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ай сайын осы Нұсқаулықтың 21-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда - есептіден кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей - 1 және 2 нысадар . " ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тоқсан сайын - есептіден кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей - 1, 2, 3, 4 нысандар және оларға түсіндірме жазба.";

8-тармақта ", 5 және 6" деген сандар алынып тасталсын;

22-тармақта "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10 - қ о с ы м ш а д а :

3-тармақтың 6) тармақшасы алынып тасталсын;

4-тармақта "6" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мұдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және сақтандыру брокерлеріне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

"К е л і с і л г е н "
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын мен қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау жөніндеғі
ағенттігінің

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК